

**ЖШС «Bal-Aiym 2» балабақшасы**



*Handwritten signature*

**БЕКІТЕМІН:**  
ЖШС «Bal-Aiym 2» балабақшасының  
меңгерушісі Ибрагимова Ж.Н.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде ортаңғы  
«Қызғалдақ» тобының 2023-2024 оқу жылына арналып құрылған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы**

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған ісәрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p><i>Бұрын зерттелген физикалық жаттығуларды қайталау, моториканы бекіту және жетілдіру.</i></p> <p><b>Негізгі қозғалыстар:</b>  <b>Жүру:</b> Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып жүру.  <b>Жүгіру:</b> Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп жүгіру.  <b>Секіру:</b> Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру.  <b>Лақтыру, қағып алу, домалату:</b> Бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату.  <b>Еңбектеу, өрмелеу:</b> Тура бағытта 4–6 метр арақашықтықта, "жыланша" еңбектеу.  <b>Тепе-теңдікті сақтау:</b> Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру  <b>Сапқа тұру, сап құрылымын өзгертіп қайта тұру:</b> Сапқа бір-бірден, шеңберге шағын топтармен және барлық топпен қайта тұру дағдыларын қалыптастыру (тәрбиешінің көмегімен, бағдар бойынша)  <b>Спорттық жаттығулар:</b> Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p><i>Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру, коммуникативті дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету</i></p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b> Дағдыларды қалыптастыру: дауысты (а, ә) және кейбір дауыссыз (п-б) дыбыстарды айта білу;  <b>Сөздік қор:</b> Ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту; Балалардың сөйлеу тілін заттардың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздермен байыту; Жалпы белгілері бойынша топтастыру (ойыншықтар, жиһаздар).  <b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> Сөйлеуде зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану.  <b>Байланыстырып сөйлеу:</b> Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу; шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттау; ересектердің сөзін тыңдау және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p>
Алақай әдебиет	<p><i>Түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрімен, шығармаларымен таныстыру, театр әлеміне қызығушылықты қалыптастыру, балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау.</i></p> <p>Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға; тақпақтарды, өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айту дағдыларын қалыптастыру.</p>

<p><b>Қазақ тілі</b></p>	<p><i>Сөздік минимумды үйрету</i>  <b>Отбасы:</b> Ана, әке, ата, апа  <b>Күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық сөздер:</b> Балабақша, үй, есік, терезе, дүкен, сабын, су, кір, таза  <i>-Ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту</i>  <b>Іс-қимылды сөздер:</b> Жүр, отыр, тұр, бар, апар, бер, ал, әкел  <b>Көліктер:</b> мәшине, ұшақ, , пойыз, трактор, автобус  <b>Кеңістікті бағдарлау сөздері:</b> оң, сол, жоғары, төмен, алыс, жақын  <i>Қазақ халқының мәдениетімен, салттарымен, дәстүрлерімен таныстыру</i>  <b>Азық –түлікке қатысты сөздер:</b> Нан, шәй, май, сүт, қаймақ, айран; <i>Ұлттық тағамдар:</i> қымыз, шұбат, бауырсақ, құрт  <b>Табиғат әлемі:</b> күз, жапырақ, гүл; <i>Ауа райы –құбылыстары:</i> жаңбыр, жел, суық, бұлт  <b>Сан есімдер:</b> бір, екі, үш  <b>Киім-кешек:</b> Шалбар, көйлек, жейде, кеудеше, жемпір; Белсенді сөздікті байыту  <b>Мамандықтар:</b> Тәрбиеші, дәрігер, аспазшы, сатушы  <b>Ойыншықтар:</b> Доп, мәшине, қонжық, қуыршақ  <b>Ыдыстар:</b> Кесе, тәрелке, қасық, пышақ, шәйнек  <b>Түстер атауы:</b> Ақ, көк, қара, сары, жасыл, қызыл; <i>Сөздік формаларды, мәдениетті, қарым-қатынасты игерту</i>  <b>Сыпайы сөздер:</b> сәлеметсізбе, сау болыңыз, рақмет  <b>Дене мүшелері:</b> бас, көз, мұрын, ауыз, тіл, тіс, ерін, құлақ, шаш, бет</p>
<p><b>Математика негіздері</b></p>	<p><i>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, балалардың интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту.</i>  <b>Сан, санау:</b> "Көп", "біреу" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру.  Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету; бөлмедегі заттарды ажырату және олардың санын анықтау дағдыларын қалыптастыру.  <b>Шама:</b> Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру.  <b>Геометриялық пішіндер:</b> Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету: шеңбер түйсіну және көру арқылы пішін түрін зерттеуге үйрету.  <b>Кеңістікте бағдарлау:</b> Өзінің дене бөліктерінің орналасу бағдарын білуге үйрету.  Өзінің дене мүшелерін (басы, аяғы, қолы) бағдарлау және атау.</p>
<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p>	<p><i>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу.</i>  Ауа-райының жағдайын анықтау, табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылау; табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын тәрбиелеу.  Балабақша, балабақша қызметкерлері туралы ұғымдарын кеңейту; балабақшаның ауласындағы өсімдіктерді,</p>

	ағаштарды, гүлдерді бақылау жасау, олардың өзіне тән белгілерін байқап, сипаттай білуді үйрету; Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікте бағдарлау; заттар мен олардың шамасын, түсін, пішінін ажырату және атау, қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру; табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын, өсімдіктерге сүйіспеншілікпен және қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.
<b>Құрастыру</b>	<i>Балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық дағдыларын, зерттеу қабілеттерін, Алақай-эстетикалық талғамын дамыту үшін ұлттық мәдениетке баулу.</i> <b>Құрылыс материалдарынан құрастыру.</b> Келесі дағдыларды қалыптастыру: әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру; үлгі бойынша құрастыру; көптүсті құрылым құрастыру.
<b>Сурет салу</b>	<i>Балалардың өнер шығарамаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру.</i> <b>Заттық сурет салу:</b> Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру: бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттар салуды (дуал); салынған пішіндерді бояуды, дәстүрден тыс сурет салу (саусақтарымен және алақандарымен, түрлі- түсті борлармен) дағдыларын қалыптастыру. бірнеше тік және көлденең сызықтардан заттарды салу (дуал, ағаш) <b>Ойлауы бойынша сурет салу:</b> Басқа ұлт ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру. <b>Сәндік сурет салу:</b> Элементтердің пішінін жазықтыққа орналастыру дағдысын қалыптастыру.
<b>Мүсіндеу</b>	<i>Қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, көз бен қолдың үйлесімін дамыту.</i> <b>Заттық мүсіндеу:</b> Ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату тәсілін пайдалана отырып кейбір заттарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға (ойыншықтарды мүсіндеу) біріктіру білігін жетілдіру.
<b>Жапсыру</b>	<i>Қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру.</i> Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету; бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау; желімдеудің техникасы: желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алу дағдыларын қалыптастыру.
<b>Музыка</b>	Музыкаға деген қызығушылығын арттыру. Бірдей ән салуға, қимыл-қозғалысты игеруге үйрету. <u>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.</u> Көңілді сылдырмақтың түрлі ырғағымен бірінің артынан бірі жүру. Музыкалық ойыншықтар мен <u>балалар музыка аспаптарының</u> (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын <u>ажырата білуді жетілдіру.</u>

Үйретілген әнді қимыл қозғалыспен бере білу.

Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.

Ойыншықтар туралы әңгімелеу, Ойыншықтарды күтіп ұқыпты ұстауға үйрету. Эмоционалды көңіл күй сыйлау.

Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу

Сылдырмақтарды тыңдау, дыбыстау динамикасын ажырату.

Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).

**Жоспардың құрылу кезеңі: Қазан айы**

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Бұрын зерттелген физикалық жаттығуларды қайталау, моториканы бекіту және жетілдіру.</p> <p><b>Негізгі қозғалыстар:</b>  <b>Жүру:</b> Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру.  <b>Жүгіру:</b> Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру дағдыларын қалыптастыру: аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп, шеңбер бойлап, тоқтай қалып жүгіру.  <b>Секіру:</b> Тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын қалыптастыру.  <b>Лақтыру, қағып алу, домалату:</b> қақпадан асыра лақтыру, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге (жерге) қарай төмен лақтыру, допты қағып алу машықтарын қалыптастыру.  <b>Еңбектеу, өрмелеу:</b> арасы алшақтанған заттар арасымен, еденге қойылған тақта бетімен  <b>Тепе-теңдікті сақтау:</b> Тепе-теңдікті сақтай отырып, еңіс тақта бойымен (20-30 см) жүру дағдыларын қалыптастыру;  <b>Сапқа тұру, сап құрылымын өзгертіп қайта тұру:</b> Сапқа бір-бірден, шеңберге шағын топтармен және барлық топпен қайта тұру дағдыларын қалыптастыру (тәрбиешінің көмегімен, бағдар бойынша)  <b>Спорттық жаттығулар:</b> Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру</p>
Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Дағдыларды қалыптастыру: дауысты (е, о) және кейбір дауыссыз (к-к) дыбыстарды айта білу; дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту; артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту; заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға үйрету; жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыру (киімдер, аяқкиімдер);</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b> ересектермен әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдау және түсіне білу. Сөз және сөз ұйқастарына құрылған ойындарға қызығушылыққа, назар аударуға тәрбиелеу.</p>
Алақай әдебиет	<p><b>Оқу, әңгімелеу.</b> ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, кейіпкерге, оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге баулу.</p>
Қазақ тілі	<p><i>Сөздік минимумды үйрету</i></p> <p><b>Отбасы:</b> Ана, әке, ата, апа</p> <p><b>Күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық сөздер:</b> Балабақша, үй, есік, терезе, дүкен, сабын, су, кір, таза; <i>Ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту</i></p> <p><b>Іс-қимылды сөздер:</b> Жүр, отыр, тұр, бар, апар, бер, ал, әкел</p> <p><b>Көліктер:</b> мәшине, ұшақ, , пойыз, трактор, автобус; <b>Кеңістікті бағдарлау сөздері:</b> оң, сол, жоғары, төмен, алыс, жақын</p>

	<p><i>Қазақ халқының мәдениетімен, салттарымен, дәстүрлерімен таныстыру</i></p> <p><b>Азық –түлікке қатысты сөздер:</b> Нан, шәй, май, сүт, қаймақ, айран; <i>Ұлттық тағамдар:</i> қымыз, шұбат, бауырсақ, құрт</p> <p><b>Табиғат әлемі:</b> күз, жапырақ, гүл; <i>Ауа райы –құбылыстары:</i> жаңбыр, жел, суық, бұлт</p> <p><b>Сан есімдер:</b> бір, екі, үш</p> <p><b>Киім-кешек:</b> Шалбар, көйлек, жейде, кеудеше, жемпір; Белсенді сөздікті байыту</p> <p><b>Мамандықтар:</b> Тәрбиеші, дәрігер, аспазшы, сатушы; <b>Ойыншықтар:</b> Доп, мәшине, қонжық, қуыршақ; <b>Ыдыстар:</b> Кесе, тәрелке, қасық, пышақ, шәйнек; <b>Түстер атауы:</b> Ақ, көк, қара, сары, жасыл, қызыл,</p> <p><i>Сөздік формаларды, мәдениетті, қарым-қатынасты игерту</i></p> <p><b>Сыпайы сөздер:</b> сәлеметсізбе, сау болыңыз, рақмет;</p> <p><b>Дене мүшелері:</b> бас, көз, мұрын, ауыз, тіл, тіс, ерін, құлақ, шаш, бет</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Сан, санау.</b> Бір-бірден ұғымдарын қалыптастыру. Заттарды салыстыру, заттардың бір тобын екіншісіне бірізділікпен беттестіру және қосу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Шама.</b> ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды, биіктігі мен қалыңдығы бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыруды қалыптастыру;</p> <p><b>Геометриялық пішіндер.</b> Пішін түрлерін зерттеу, шаршы және шеңбер.</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау:</b> өзіне жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру: тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн.</p>
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<p>Отбасылық суреттерді қарауға және отбасы мүшелері мен олардың әрекеттерін атауға үйрету, «Отбасы», «Үй», «Демалыста» және басқа мазмұнды-рөлдік ойындарды ұйымдастыру, заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу, тірі және өлі табиғат туралы білімдерін қалыптастыру, ауа райының жағдайын анықтау, табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылау, табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын, өсімдіктерге сүйіспеншілік пен қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу, үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p>Бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану. Үлгі бойынша құрастыру.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p><b>Заттық сурет салу:</b> түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру: ыдыстарды, жануарларды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттар салу, дәстүрден тыс сурет салу дағдыларын қалыптастыру. <b>Сюжеттік сурет салу:</b> Тұрмыстық заттарға эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Сәндік сурет салу:</b> Элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, ою-өрнектерді жазықтыққа орналастыру дағдыларын қалыптастыру.</p>
<b>Мүсіндеу</b>	<p>Қамырды, ермексаз кесектерін бөліп алу, дөңгелектеу, созу тәсілдерін пайдалана отырып, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру, алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға біріктіру білігін жетілдіру.</p>

<b>Жапсыру</b>	Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету, ересектер дайындаған ірі және өте ұсақ ою элементтерін орналастыру және жапсыру; желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алу, жаймадағы дайын пішіндерге жағу; желім қалдықтарын жою үшін майлықты пайдалану.
<b>Музыка</b>	<p>Музыкалық есту қабілеттерін арттыру, күз туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p><u>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну</u></p> <p>Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау.</p> <p>Табиғат дыбыстарын алақан, аяқпен келтіру, би қимылында шеңбермен жүруді үйрету. <u>Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.</u></p> <p>Әуен қимыл арқылы күз дыбыстарын аңғару. Бірдей қарқында ән салуға, музыка ырғағымен жүруді үйрету.</p> <p><u>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау</u></p> <p>Әнді сөзімен байланысты қимылмен орындау.</p> <p><u>Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</u></p> <p>Шығармашылық қабілеттерін дамыту.</p> <p><u>Музыкалық шығарманың Алақай құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді ) байқауға үйрету.</u></p>



Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған ісәрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p><b>Негізгі қозғалыстар:</b>  <b>Жүру:</b> әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен жүру.  <b>Тепе-теңдікті сақтау:</b> бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр) жүру  <b>Жүгіру:</b> әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен жүгіру  <b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру  <b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> еденге қойылған тақтай бойымен  <b>Секіру.</b> заттарды айналып және заттардың арасымен секіру.  <b>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</b> Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.  <b>Ырғақтық жаттығулар.</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.  <b>Спорттық жаттығулар:</b> Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура жүргізу.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>  Дауысты (о) және дауыссыз (т-д) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.  <b>Сөздік қор:</b> Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, жұмбақ шешкізу.  <b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> Сөздерді жіктелуіне қарай байланыстыру.  <b>Байланыстырып сөйлеу:</b> Мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін, шығармаларды тыңдағаннан кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру дағдыларын қалыптастыру.</p>
Алақай әдебиет	<p><i>Кітаптарға қызығушылықты ояту</i>  Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау, қарапайым көріністерді ойнауға баулу.  Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.</p>
Қазақ тілі	<p>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге баулу.  <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>  Қазақ тіліне тән ә, ө дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу</p> <p><b>Сөздік қор:</b> Жемістердің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда жаңылтпаштарды жаттауға баулу.  <b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b></p>

	<p>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім) үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>Таныс ертегілердің мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге баулу.</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Сан:</b> Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.</p> <p><b>Шама:</b> Екі затты өлшемі бойынша (артық-кем) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру</p> <p><b>Геометриялық пішіндер:</b></p> <p>Балаларды геометриялық фигуралармен: шаршымен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау:</b> Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: алдында-артында</p> <p><b>Уақытты бағдарлау:</b> Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Әр түрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер) заттарды бейнелеу. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.</p>
<b>Мүсіндеу</b>	<p>Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді мүсіндеуге үйрету.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.</p> <p><b>Желімдеудің техникасын үйрету:</b> желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану.</p> <p><b>Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы</b> ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p>Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.</p> <p>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
<b>Музыка</b>	<p>Туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Туған өлкеміздің әдемі жерлерімен таныстыру.</p> <p><u>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.</u></p> <p>Туған ауылы туралы әңгімелесу.</p> <p>Ән айту ережелерін сақтай отырып хормен ән айту.</p> <p><u>Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.</u></p> <p>Билейтін әуендерге сйкес қарапайым қимылдар орындайды.</p>

	<p><u>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</u>  <u>Жоғары және төмен дыбыстауды ажырату, оны ойын әрекеттерінде байқау.</u>  <u>Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.</u>  .Отан сүйгіштікке тәрбиелеу.  Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын , музыканың би сипатын игеру.  <u>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.</u></p>
<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p>	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b>  Өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге баулу.  <b>Заттық әлем.</b>  Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну.  <b>Көлік, байланыс құралдары.</b>  Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.  <b>Еңбекке баулу.</b>  Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.  <b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</b>  Балаларда «дұрыс немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту. Жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.  <b>Өсімдіктер әлемі.</b>  Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Кейбір көгөністер мен жемістердің түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.  <b>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.</b>  Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.  <b>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау.</b>  Ойын алаңында және құммен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау)</p>

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған ісәрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p><b>Негізгі қозғалыстар:</b>  <b>Жүру:</b> «жыланша», шашырап жүру;  <b>Тепе-теңдікті сақтау:</b> тура жолмен жүру  <b>Жүгіру:</b> «жыланша», шашырап жүгіру  <b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру  <b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр)  <b>Секіру.</b> 15-20 сантиметр биіктіктен секіру.  <b>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</b> бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша)  <b>Ырғақтық жаттығулар.</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.  <b>Спорттық жаттығулар:</b> Шанамен сырғанау.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>  Дауысты (ұ) және дауыссыз (ж-ш) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту. Жаңылтпаштар айту.  <b>Сөздік қор:</b>  Балалардың сөздік қорын қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу арқылы байыту. Жаңылтпаш жаттау.  <b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b>  Сөздерді септелуіне қарай байланыстыру.  <b>Байланыстырып сөйлеу:</b>  Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру дағдыларын қалыптастыру.</p>
Алақай әдебиет	<p><i>Кітаптарға қызығушылықты ояту</i>  Әңгімелерді тыңдай білуге, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.</p>
Қазақ тілі	<p>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: өз бетінше кітаптарды қарауға, ортақ тақырыпта әңгімелесуге баулу.  <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Сөйлеу кезінде тыныс алуды дамыту. Қазақ тіліне тән қ дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу.  <b>Сөздік қор:</b> Төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.  <b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға сын есім үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b> Шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге</p>

<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Сан:</b> Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.</p> <p><b>Шама:</b> Жалпы шамасы бойынша бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру.</p> <p><b>Геометриялық пішіндер:</b> Балаларды геометриялық фигуралармен: дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау:</b> Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: алдында-артында, үстінде-астында бекіту.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау:</b> Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: таңертең-кешке, күндіз-түнде.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету.</p>
<b>Мүсіндеу</b>	<p>Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау) қолдану.</p> <p>Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану.</p> <p>Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p>Бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
<b>Музыка</b>	<p>Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканын би сипатын игеру.</p> <p><u>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.</u></p> <p>Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялы көңіл-күй танытады.</p> <p><u>Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).</u></p> <p>Қыс ерекшелігін әңгімелеу. Қысқы ойын түрлерімен танысу.</p> <p>Ән айту арқылы қыс қызығын сезіну.</p> <p><u>Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.</u></p> <p>Музыкалық шығарманы эмоциямен қимылмен орындауға үйрету.</p> <p>Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау.</p>
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b></p> <p>Жақындарына қамқорлық танытуға баулу.</p>

	<p><b>Заттық әлем.</b> Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу</p> <p><b>Еңбекке баулу.</b> Қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу</p> <p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</b> Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару.</p> <p><b>Менің Отаным – Қазақстан.</b> Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.</p> <p><b>Жануарлар әлемі:</b> Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.</p> <p><b>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.</b> Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қыс мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.</p> <p><b>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау.</b> бұтақтарды сындырмау, топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау)</p>
--	---

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар

<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған ісәрекеттің міндеттері</b>

<p><b>Дене шынықтыру</b></p>	<p><b>Негізгі қозғалыстар:</b>  <b>Жүру:</b> тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру.  <b>Тепе-теңдікті сақтау:</b> бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың бойымен жүру.  <b>Жүгіру:</b> белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру;  <b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> Оң және сол қолмен тік нысанаға лақтыру (1-1,5 метр қашықтық)  <b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> Көлбеу модуль бойымен еңбектеу.  <b>Секіру.</b> ілініп тұрған затқа қолды тигізіп секіру.  <b>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</b> Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.  <b>Ырғақтық жаттығулар.</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.  <b>Спорттық жаттығулар:</b> Шанамен бір-бірін сырғанату</p>
<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b> Кейбір дауысты және дауыссыз (с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.  <b>Сөздік қор:</b> Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, санамақ айтқызу.  <b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> Етістіктерді келер шақта қолдану.  <b>Байланыстырып сөйлеу:</b> Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құруға үйрету.</p>
<p><b>Алақай әдебиет</b></p>	<p><i>Кітаптарға қызығушылықты ояту</i>  Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.  Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.</p>
<p><b>Қазақ тілі</b></p>	<p>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге баулу.  <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b> Қазақ тіліне тән ү дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу  <b>Сөздік қор.</b> Жануарлардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру, тақпақтар жаттау.  <b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт)  <b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру.</p>
<p><b>Математика негіздері</b></p>	<p><b>Сан:</b> заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу.  <b>Шама:</b> Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.  <b>Геометриялық пішіндер:</b> Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекті ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру, бекіту.  <b>Кеңістікте бағдарлау:</b> Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: оң-сол.  <b>Уақытты бағдарлау:</b> Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде.</p>

<b>Сурет салу</b>	Әр түрлі пішіндегі (жануарлар) заттарды бейнелеу, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
<b>Мүсіндеу</b>	Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.
<b>Жапсыру</b>	Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. <b>Желімдеудің техникасын үйрету:</b> желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. <b>Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы</b> ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
<b>Құрастыру</b>	Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау дағдыларын қалыптастыру. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
<b>Музыка</b>	Орманға саяхат жасау. Орман тіршілігімен танысу. Орман аңдарының образын келтіру. <u>Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.</u> Әнді таза нақышына келтіріп орындауға үйретуді жалғастыру. <u>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету</u> Үй жануарларын туралы әңгімелесу. дыбыстарын ұнтаспа арқылы тыңдау, жануарларға деген қызығушылық, қамқорлық сезімін ояту. <u>Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау</u> Үй жануарларының төлдерімен танысу. Ән арқылы үй жануарларының енесін, төлін ажырата білуге үйрету. Есту қабілеттерін дамыту. <u>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту:</u> Балалардың сүйікті ойыншықтары туралы әңгімелесу. Ойыншықтар туралы түсінік беру. <u>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру</u>
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<b>Бала, оның отбасы, үйі.</b> Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау дағдыларын қалыптастыру. <b>Заттық әлем.</b> Заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. <b>Еңбекке баулу.</b> Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға тәрбиелеу. <b>Өсімдіктер әлемі.</b> Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Бөлме өсімдігінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану. <b>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.</b> Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. <b>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау.</b> Топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау)



**Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан**

<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған ісәрекеттің міндеттері</b>
<b>Дене шынықтыру</b>	<b>Негізгі қозғалыстар:</b> <b>Жүру:</b> әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүру, тапсырмаларды орындай отырып, заттарды

	<p>айналып жүру.  <b>Тепе-теңдікті сақтау:</b> қырлы тақтайдың бойымен жүру жүру.  <b>Жүгіру:</b> қарқынды өзгертіп, жылдам 10 метрге дейін жүгіру.  <b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> заттардың арасымен домалату  <b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> саты бойымен өрмелеу  <b>Секіру.</b> сызықтан секіру  <b>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</b> бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша)  <b>Ырғақтық жаттығулар.</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.  <b>Спорттық жаттығулар:</b> биік емес төбеден сырғанау.</p>
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, баяу сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту.  <b>Сөздік қор:</b>  Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.  <b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру.  <b>Байланыстырып сөйлеу:</b> Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану.</p>
<b>Алақай әдебиет</b>	<p><i>Кітаптарға қызығушылықты ояту</i>  Жаңа өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.  Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.</p>
<b>Қазақ тілі</b>	<p>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге баулу.  <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту.  <b>Сөздік қор.</b> Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.  <b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b>  Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және етістік) үйрету.  <b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Сан:</b> Көп-біреу (біреу-көп) заттардың санын ажыратуды бекіту.  <b>Шама:</b> Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыруды бекіту.  <b>Геометриялық пішіндер:</b> Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуді бекіту.</p>

	<p><b>Кеңістікте бағдарлау:</b> Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында бекіту.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау:</b> Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: таңертең-кешке бекіту.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Қызыл, сары олардың реңктерін қызғылт қолдану.</p> <p>Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.</p>
<b>Мүсіндеу</b>	<p>Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау.</p> <p>Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p>Бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдануды бекіту. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
<b>Музыка</b>	<p>Отбасы мүшелерін атауға, білуге үйрету.</p> <p>Әнді таза, түсінікті, көңілді айтуға,</p> <p>музыка бөліктерінің өзгеруіне қимылмен жауап беруге үйрету.</p> <p>Шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.</p> <p>Анаға деген сезімдерін ән арқылы жеткізуге үйрету.</p> <p>Музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.</p> <p>Музыка бөліктерінің өзгеруіне қимылмен жауап беруге үйрету.</p> <p>Қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.</p> <p>Қуыршақты ұйықтату сюжеті арқылы тыныш, жәй динамикалық дыбыстармен танысу.</p> <p>Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.</p> <p>Анаға деген сезімдерін ән арқылы жеткізуге үйрету. Анасын сыйлауға, қастерлеуге үйрету.</p> <p>Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тындауға үйрету.</p>
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b></p> <p>Өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын бекіту.</p> <p><b>Заттық әлем.</b></p>

	<p>Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.</p> <p><b>Еңбекке баулу.</b> Түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға баулу.</p> <p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</b> Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу.</p> <p><b>Менің Отаным – Қазақстан.</b> Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.</p> <p><b>Көлік, байланыс құралдары.</b> Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыруды бекіту.</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі:</b> Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану</p> <p><b>Жануарлар әлемі.</b> Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p><b>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.</b> Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қыс мезгіліндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.</p> <p><b>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау.</b> Ойын алаңында қармен ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (ауызға алмау)</p>
--	---

**Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз**

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған ісәрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p><b>Негізгі қозғалыстар:</b>  <b>Жүру:</b> сапта бір-бірден, екеуден (жүппен) жүру, тапсырмаларды орындай отырып еденге қойылған заттардан аттап жүру.  <b>Тепе-теңдікті сақтау:</b> Тепе-теңдікті сақтай отырып жүру  <b>Жүгіру:</b> қарқынды өзгертіп, жылдам 20 метрге дейін жүгіру.</p>

	<p><b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> қақпаға домалату <b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр).</p> <p><b>Секіру.</b> тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру</p> <p><b>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</b> Бірінің артынан бірі сапқа тұру</p> <p><b>Ырғақтық жаттығулар.</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура жүргізу.</p>
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Артикуляциялық аппаратты дамыту, жаңылтпаштар айту арқылы сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту.</p> <p><b>Сөздік қор:</b> Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b></p> <p>Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды бекіту.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b> Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.</p>
<b>Алақай әдебиет</b>	<p><i>Кітаптарға қызығушылықты ояту</i></p> <p>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.</p>
<b>Қазақ тілі</b>	<p>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге баулу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру, баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Сан:</b></p> <p>Біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету заттардың санын ажыратуды бекіту.</p> <p><b>Шама:</b></p> <p>Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа,) салыстыру. заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыруды бекіту.</p> <p><b>Геометриялық пішіндер:</b></p> <p>Балаларды геометриялық фигуралармен: шаршы, дөңгелек, үшбұрышпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуін бекіту.</p>

	<p><b>Кеңістікте бағдарлау:</b> Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: алдында-артында бекіту.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау:</b> Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде бекіту.</p>
<b>Сурет салу</b>	Жасыл, көк негізгі түстер мен олардың реңктерін көгілдір түсті қолдану. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.
<b>Мүсіндеу</b>	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып әшекейлерді мүсіндеу.
<b>Жапсыру</b>	Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. <b>Желімдеудің техникасын үйрету:</b> желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. <b>Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы</b> ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
<b>Құрастыру</b>	Ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
<b>Музыка</b>	Музыканың сипатын анықтауға және көңілді және баяу музыканы эмоциямен қабылдауға. Бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту. Әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту. Әнді үйрету арқылы балаларға наурыз мерекесі арқылы мәлімет беру. Музыканың сипатын түсіну. Әнді үйрету арқылы балаларға наурыз мерекесі арқылы мәлімет беруді жалғастыру. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Балаларға қазақтың салт-дәстүрлері жайында мағұлмат беру. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<b>Бала, оның отбасы, үйі.</b> Өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын дамыту. Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға баулу. <b>Заттық әлем.</b>

	<p>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Менің Отаным – Қазақстан!</b> Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру.</p> <p><b>Еңбекке баулу.</b> Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту.</p> <p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</b> Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту.</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі.</b> Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.</p> <p><b>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.</b> Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктем мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.</p> <p><b>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау.</b> Топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау)</p>
--	---

**Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір**

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған ісәрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p><b>Негізгі қозғалыстар:</b>  <b>Жүру:</b> жан-жаққа баяу айналу.  <b>Тепе-теңдікті сақтау:</b> Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүру, тапсырмаларды орындай отырып арқан бойымен жүру.  <b>Жүгіру:</b> тоқтамай баяу қарқынмен 50 секунд ішінде жүгіру.  <b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> Допты жоғары лақтыру</p>

	<p><b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу.</p> <p><b>Секіру.</b> құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру.</p> <p><b>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</b> бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша)</p> <p><b>Ырғақтық жаттығулар.</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті шеңбер бойымен жүргізу.</p>
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу.</p> <p><b>Сөздік қор:</b> Балаларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> Зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b> Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану.</p>
<b>Алақай әдебиет</b>	<p><b>Кітаптарға қызығушылықты ояту</b></p> <p>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.</p>
<b>Қазақ тілі</b>	<p>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Естуді дамыту. Қазақ тіліне тән ұ дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру, баланың сөздік қорын дамытуда тақпақтар жаттауға баулу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Сан:</b> Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.</p> <p><b>Шама:</b> Екі затты өлшемі бойынша (биік-аласа, ұзын-қысқа, артық-кем) салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша биіктігі бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру.</p> <p><b>Геометриялық пішіндер:</b> Балаларды геометриялық фигуралармен: шаршымен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау:</b> Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау:</b> Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: таңертең-кешке.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға,</p>



	ұқыптылыққа баулу
<b>Мүсіндеу</b>	Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.
<b>Жапсыру</b>	Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру бүктеу, қатпарлау әдістерін қолдану. Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сұртуге майлықты қолдану. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
<b>Құрастыру</b>	Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
<b>Музыка</b>	Құстар жайлы түсінік беру. Қамқорлық жасауға үйрету. Дауыстарын тыңдату. Таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру Құстар туралы түсініктерін кеңейту. Табиғат дыбыстарын музыкамен байланыстыру Аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. қимылдарын келтіреді Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау. Жұптаса отырып би қимылдарын орындау. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау. Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Тыңдалған музыка туралы өз ойын айтуға, әуеннің интонациясын сақтап, күш түсірмейайтуға, музыкалық сүйемелдеумен қимылдарды үйлестіруге үйрету. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау. Түрлі қарқындағы музыканы, музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<b>Бала, оның отбасы, үйі.</b> «Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту. <b>Заттық әлем.</b> Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. <b>Менің Отаным – Қазақстан!</b> Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету. <b>Еңбекке баулу.</b> Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. <b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</b> Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару

	<p><b>Өсімдіктер әлемі:</b> Туған өлкенің кейбір өсімдіктері ағаштардың 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.</p> <p><b>Жануарлар әлемі.</b> Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.</b> Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктем мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.</p> <p><b>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау.</b></p> <p>Бұтақтарды сындырмау, жануарларға тиіспеу дағдыларын қалыптастыру.</p>
--	---

**Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр**

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p><b>Негізгі қозғалыстар:</b></p> <p><b>Жүру:</b> тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру.</p> <p><b>Тепе-теңдікті сақтау:</b> Тепе-теңдікті сақтай отырып жүру</p> <p><b>Жүгіру:</b> тоқтамай баяу қарқынмен 60 секунд ішінде жүгіру</p> <p><b>Домалату, лақтыру, қағып алу.</b> төмен - еденге (жерге) соғу</p> <p><b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> Еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу.</p> <p><b>Секіру.</b> ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру</p> <p><b>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</b> Бірінің артынан бірі сапқа тұру</p> <p><b>Ырғақтық жаттығулар.</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.</p>

	<b>Спорттық жаттығулар:</b> Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура жүргізу.
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, жаңылтпаштар айту арқылы сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту.</p> <p><b>Сөздік қор:</b> Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> Етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b> Кейіпкерлерін сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі, қарапайым тәсілдерін қолдану. Таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.</p>
<b>Алақай әдебиет</b>	<p>Кітаптарға қызығушылықты ояту</p> <p>Бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.</p> <p>Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.</p>
<b>Қазақ тілі</b>	<p>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде тұрмыстық заттардың атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру, баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Сан:</b> Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.</p> <p><b>Шама:</b> Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.</p> <p><b>Геометриялық пішіндер:</b></p>

	<p>Балаларды геометриялық фигуралармен: шаршы, дөңгелек, үшбұрышпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау:</b> Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: оң-сол, алдында-артында, үстінде-астында.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау:</b> Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.</p>
<b>Сурет салу</b>	Асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру, бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету.
<b>Мүсіндеу</b>	Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру, кейбір заттарды мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
<b>Жапсыру</b>	<p>Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, қағазға жапсыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру бүктеу, қатпарлау әдістерін қолдану.</p> <p><b>Желімдеудің техникасын үйрету:</b> желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану.</p> <p><b>Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы</b> ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар,</p> <p>призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
<b>Музыка</b>	<p>Қимылдың ырғақтықпен орындауға үйрету.</p> <p><u>Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге үйрету.</u></p> <p>Ойындарға, хор айтуға қатысу, таныс би қимылдарын қайталай білу.</p> <p><u>Шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.</u> Музыкалық сүйемелдеуімен ән салу. Жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін ажырата білуге тәрбиелеу.</p> <p><u>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру.</u> Музыкалық сүйемелдеуімен ән салу.</p> <p><u>Би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.</u> Түрлі қарқындағы музыканы, музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау.</p> <p><u>Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.</u> Әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><u>Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.</u></p>

